

№1 жалпы орта білім беретін мектеп

Тақырыбы: «Сиқырлы сандық»

Дайындаған: Абильдиева Гулшат Желдешовна

Құлсары қаласы, 2023 жыл

Жобаның өзектілігі

Квест ойынының бірқатар ерекшеліктері бар: оқу міндеті, ойын әрекеті арқылы жүзеге асады және зерттеушілік сипатта болады; баланың өзін-өзі көрсетуі білім берудің жаңа техникалық құралдарын енгізу арқылы жеңілдетіледі; баланың эмоционалдық және интеллектуалдық белсендігі мақсатты түрде ынталандырылады.

Квест-командада бірлесіп жұмыс істеу, сыни ойлау, қиындықтарды жеңу арқылы бір мақсатқа жету.

Мақсаты

Балалардың квест ойындары туралы түсініктерін кеңейту. Коммуникативтік дағдыларын дамыту, өз пікірлерін айтуға, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарастарын білдіруге, қойылымдағы өзінің рөлін дербес мәнерлі орындауға үйрету. Ұжымдық жұмыстарды орындауға, ойдан сурет салуға, суретті бейнелеуде мәнерлі құралдардың элементтерін қолдануды, мүсіндеудің әр түрлі тәсілдерін қолдан сюжеттік композиция жасауды, оларды сәнді бөлшектермен толықтыруды дағдыландыру. Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер) туралы түсініктерін кеңейту. Өсімдіктердің тірі иесі екенін бақылау және адыратуды үйрету. Ұжымдық жұмыста бір-біріне кедергі жасамай, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

«Сиқырлы сандық» квест ойыны

Тәрбиеші:

Сәлеметсіздер ме? «**Сиқырлы құлып**» атты квестке қош келдіңіздер!

Квест дегеніміз не?

Квест – ағылшын тілінен аударғанда «іздеу» немесе «оқиға» дегенді білдіреді. Кез келген оқиғаны іске асыруда іздену арқылы жүзеге асыратын ойын, тапсырмалар.

- Балалар, біздің балабақшаның электрондық поштасына хат келіпті. Оны бізге жолдаған Ертегілер әлеміндегі біздің досымыз Ақылды мысық екен.

Ол хатта бізге маршруттық картаның нұсқауын жіберіпті және де осы карта бойынша не істеу керектігімізді жазыпты. Мен картаны шығарып, сендерге алып келдім.

-Мінекей, ақылды мысық бізге осы карта арқылы жүріп, дайындаған тапсырмаларын дұрыс орындасақ, сендерге керемет тосынсый болады деп жазыпты.

-Ал, сендер саяхатқа шығуға дайынсыңдар ма?

-Біз бүгін орталығымызда ерекше саяхат жасаймыз. Әр аялдамада біздің жүру бағытымызды анықтауға көмектесетін түрлі деңгейдегі әр түрлі тапсырмаларды орындайтын боламыз.

Сонымен, достар, алдымызда жолымызды анықтауға арналған аялдамалар көрсетілген маршруттық карта.

Ойын 5 аялдама бойынша жүргізіледі. Әр аялдамада әртүрлі тапсырмалар берілген. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасақ, тосынсый болады. Ал, балалар, ендеше дайынсыңдар ма?

№ 1 аялдама «Ой сергіту»

Мен сұрақтар қойып, жұмбақ жасырамын. Сендер дұрыс жауап берсеңдер, бізге жол ашылады.

Жұмбақ жасыру:

Қар суы еріп, сай-салаға толады,

Жер көгеріп, бүршік атып,

Жайлау малға толады.

Бөбектерім айтындаршы,

Бұл қай кезде болады?

(Көктем)

Шекесінде айдары

Болғанмен, жоқ айбары.

Балапанмен, жоқ айбары.

Балапанын бақпайды

Үй - жайында жатпайды.

Өзінің аты тек айтары қайталап,

Мұны кім, кәне айта алады?

(Көкек)

(сурет арқылы балалар екі командаға бөлінеді)

Жұмбақтардың шешуін дәл таптыңдар. Ал енді менің сұрақтарыма жауап беріңдер.

- Көктем мезгілінің ерекшеліктерін айтайықшы?

- Көктем мезгілінің айларын, табиғатта болатын құбылыстарды атап бере қояйықшы?

-Көктем мезгілінде қандай құстар ұшып келеді?Атауын атайықшы.

-Балалар, сендер сұрақтарға дұрыс жауап бердіңдер. Енді саяхатымызды ары қарай жалғастырайық.

-Мына карта бойынша мұнда 2- ші аялдама тұр. Қане, тапсырмаларды ашып көрейік.

№2 аялдама «Жасырын ертегі» (балабақша кітапханасына бару)

Бұл аялдамада балаларға ертегілер кейіпкерлерінің бейнелері жасырылады.

Балалар жасырылған бейнелерді тауып, құрастырып, рөльге бөлініп сомдап береді.

-Балалар, қандай ертегі білесіңдер?

1- ертегі: «Жыл басына таласқан хайуанаттар»

2-ертегі: «Үш қыз» татар ертегісі

Мына карта бойынша мұнда 3-ші аялдама тұр. Картада балаларға келесі тапсырманы орындау үшін (үшбұрыш, төртбұрыш, стрелка белгілерін көрсетеді. Балалар танымдық бұрышқа барады)

3-аялдама «Араның гүлге баратын жолын тап»

Жарайсыңдар балалар! Сендер тапсырмаларды өте жақсы орындап жатсыздар. Келесі тапсырма еден үстіне шаршы пішіндер беріледі. Балаларға бағыттар белгісі бар карточка беріледі. Балалар бағыттар арқылы араны гүлге жеткізеді.

Мына карта бойынша мұнда 4-ші аялдама тұр. Сандықша жасырылады. Сандықшаны ішіндегі сипап-сезу арқылы танып бейнелеу студиясына барады.

№4 АЯЛДАМА «Өнерлі балақай»

Балаларға бейнелеу студиясының әр бұрышына қиылған суреттер жасырылады. Балалар суреттерді таба отырып, шығармашылық іс-әрекеттер бойынша (құрастыру, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу) композиция құрастырады.

№5 Аялдама «Музыка әлеміне саяхат» (саз залы)

Әуен жіберіледі. Балалар би қимылдарын көрсетеді.

Мына карта бойынша мұнда 6-шы аялдама тұр. Балаларға күн, бұлт, су, ағаш туралы жұмбақтар жасырылады. Балалар жұмбақтың шешуін таба отырып, ойын ауласына барады.

№6 Аялдама «Кішкентай зерттеушілер»

Балаларға ойын ауласындағы ағашты көрсетеді. Балалар ағашты сипаттайды. Екінші ағашты көрсетіп вен диаграммасы арқылы салыстырады.

Тәрбиеші: Балалар, сендер бүгін барлық аялдамалардың сұрақтарына жақсы жауап беріп, тапсырмалардың бәрін дұрыс орындадыңдар.

-Міне, біз мына әдемі үйдің жанына келдік. Мына жерде бір нәрсе жатыр екен. Қазір көрейік.(балалар көреді).

-Мына жерде сандық тұр. Кілтінде бар екен. Ашып көрейік.(ішінен сөйлейтін дамытушы планшет шығады).

-Балалар, міне тосынсый. Бізге ақылды мысық планшет сыйлапты. Бұл планшет жай емес.Мұның ішінде неше түрлі ойындар, өлеңдер, ертегілер,тақпақтар бар. Біз планшетті қосып,неше түрлі тапсырмалар орындап, ертегілер тыңдаймыз, өлең айтамыз. Ақылды мысыққа рахмет!!!

Мінеки, біздің қызықты квестіміз аяғына жетті. Кездескенше күн жақсы!

Қимылды ойын: «Күн мен бұлт»

Қорытынды

Қорыта келе квест ойыны бала үшін тартымды, оның зейінін белсендіруге және тапсырмаларды орындау барысында танымдық қызығушылықты дамытуға мүмкіндік береді. Балаларды тапсырманы орындауға жеке қызығушылық сезімін қалыптастырады. Балаларды топта жұмыс істеу кезінде қол жеткізуге болатын біртұтас білім қоры мен идеяларды қалыптастырады. Топтық тапсырмаларды орындау барысында балалар әңгімелесу үшін сөзін бөлмей тыңдауға үйренеді. Балалар өз жұмысын, досының еңбегін бағалауға, бір-біріне көмектесуге үйренеді.

Назарларыңызға
рахмет!!!

